

№ 7 ТӘЖІРИБЕЛІК ЖҰМЫС

Тақырыбы: BOOTSTRAP КОМПОНЕНТТЕР, МҮМКІНДІКТЕР

Сайтты құруды бастау үшін Sublime Text мәтіндік редакторын орнату қажет.

1. Жұмыс үстелінде BOOTSTRAP папкасын құрыңыз.

2. Sublime Text мәтіндік редакторын қосамыз. Біз бұрын жасаған папканы ашамыз. New folder пәрменін таңдаймыз және жаңа папканы жасап, оны asets деп атаймыз. Бұл папкада CSS, Java Script, суреттер сақталады.

3. Bootstrap түбір папкасында index.html сайтының басты файлы FileNew File (Ctrl+S) пәрменімен жасаңыз.

4. Bootstrap ресми сайтынан жүктеп алыңыз <https://getbootstrap.com/docs/3.3/getting-started/>. Сайтқа кіреміз де, Download Bootstrap-ті басамыз. Папканы жүктегеннен кейін оны үземіз, онда 3 папка бар: css, fonts, js. Осы папкалардың барлығын таңдап алып (Ctrl+C), vizitkabootstrap папкасын ашыңыз, онда assets папкасын табамыз, оған көшірілген папкаларды (Ctrl+V) кіріктіреміз.

5. Енді қажетсіз файлдарды жою керек. Ол үшін css папкасына кіріп, bootstrap.min және bootstrap-theme.min файлдарын қалдырыңыз. Қалған барлық файлдарды жойыңыз.

6. Кері asets папкасына өтіңіз. Js папкасын ашыңыз. Мұнда bootstrap.min файлы қалдырып, қалған қажетсіз файлдарды жоямыз. Барлық папкаларды жабыңыз.

7. Содан кейін базалық үлгіні (коды төменде көрсетілген) жүктеп, оны index.html файлына қою керек Базалық үлгіні (Basic template) Bootstrap жүктейтін сайттан көшіруге болады.

Базалық үлгісі:

```
<!DOCTYPE html>
```

```
<html lang="ru">
```

```
<head>
```

```
<meta charset="utf-8">
```

```
<meta html-equiv="X-UA-Compatible" content="IE=edge">
```

```
<meta name="viewport" content="width=device-width, initial-scale=1">
```

```
<!--The above 3 meta tags *must* come first in the head; any other head content must come *after* these tags-->
```

```
<title> Бірінші бағдарлама </title> <!--Bootstrap-->
```

```
<link href="assets/css/bootstrap.min.css" rel="stylesheet"><!--HTML shim and Respond.js for IE8 support of HTML elements and media queries-->
```

```
<!--WARNING: Respond.js doesn't work if you view the page via file://--><!--[if lt IE9]><script
```

```
src=«https://oss.maxcdn.com/html5shiv/3.7.3/html5shiv.min.js»</script> <script
```

```
src=«https://oss.maxcdn.com/respond/1.4.2/respond.min.js»</script><![endif]-->
```

```
</head>
```

```
<body>
```

```
<h1>Hello, world!</h1><!-- jQuery (necessary for Bootstrap's JavaScript plugins)-->
```

```
<script
```

```
src=«https://ajax.googleapis.com/ajax/libs/jquery/1.12.4/jquery.min.js»</script>
```

```
<!--Include all compiled plugins (below), or include individual files as needed-->
```

```
<script src=« assets/js/bootstrap.min.js»</script>
```

```
</body>
```

```
</html>
```

Тег <html lang="ru"> Сайттың мазмұны орыс тілінде болады дегенді білдіреді.

<meta name="viewport" content="width=device-width, initial-scale=1"> жолы сайтқа мобильді құрылғыларда көрінуге мүмкіндік береді.

8. Осы үлгіні сәл түзету керек. Title бетінің атауын «Бірінші бағдарламаға» өзгертеміз. Бұдан әрі css қосамыз. <assets/link href=«css/bootstrap.min.css» rel=«stylesheet»> жолында Css. орналасқан assets папкасының атауын кітапханаға қосамыз.

9. Фреймворкпен жұмыс істеу үшін Script файл JAV жолын өзгерту керек. Мұнда <script src=»assets/js/bootstrap.min.js.»></script>. папка атауын да қосамыз.

10. Бағдарлама кодын түзеткеннен кейін файлды (Ctrl+S) сақтаңыз. Тексеру үшін осы файлды Google chrome браузері арқылы ашыңыз.